ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 14 сәуір №5265-25-00-2/909 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Д.М.Конысбаеваның төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
дара кәсіпкер «Богданов и К» атынан әрекет етуші Богданов Сергей Сергеевич

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 - баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қоюы –қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Богданов и К» атынан әрекет етуші Богданов Сергей Сергеевич мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Богданов и К» атынан әрекет етуші Богданов Сергей Сергеевичтан Шымкент қаласының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Жедел медициналық жәрдем көрсету станциясы" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының пайдасына тұрақсыздық айыбы 39 354 (отыз тоғыз мың үш жүз елу төрт) теңге 84 (сексен төрт) тиын, төленген мемлекеттік баж салығы 1 180 (бір мың жүз сексен) теңге 65 (алпыс бес) тиын өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 14.04.2025
Заңды күшіне енген күні: 27.05.2025, судья Конысбаева Д. М., 11.06.2025
5265-25-3-1/903

Дара кәсіпкер «Богданов и К» атынан әрекет етуші Богданов Сергей Сергеевичтан мемлекет мемлекет пайдасына мемлекеттік баж салығы 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы келтіруі мүмкін.

Судья **Д.М.Конысбаев**

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 14.04.2025

Заңды күшіне енген күні: 27.05.2025, судья Конысбаева Д. М., 11.06.2025

ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство - АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ «ТӨРЕЛІК» - Сот өндірісі -

5265-25-3-1/903